



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 37.026.8

САБАҚТЫ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДА LESSON STUDY ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Тулекина Ханзада Сариновна
бастауыш сынып мұғалімі
Мичурин жалпы білім беретін мектебі
Мичерин ауылы, Қазақстан
E-mail: tulekina72@mail.ru
Нурғжина Гулбану Абикеновна
бастауыш сынып мұғалімі,
№ 28 мектеп–гимназиясы
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: nurgozhina.gulbanu@mail.ru

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты: Лессон Стади мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтеру, білімін жетілдіру, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі. Лессон Стади оқушыға саналы білім беруді көздеген, бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы. «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз жетілдіріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады» К. Ушинский.

Түйінді сөздер: проблема, зерттеу сабағы, диалогтық оқыту, нәтиже.

Аннотация

Актуальность и цель: Подход Лессон Стади – это оптимальный способ повышения профессиональной квалификации учителей, совершенствования знаний, обмена опытом. Лессон Стади – это модель исследования под руководством учителя, в котором группа учителей работает вместе, чтобы определить определенную область для развития в обучении своих учеников. «Учитель живет, пока он учится. Когда он перестает учиться, в нем умирает учитель». К. Ушинский.

Ключевые слова: проблема, урок исследования, диалоговое обучение, результат.

Abstract

Relevance Goal: Lesson Study is the optimal way to improve the professional qualifications of teachers, improve their knowledge, and exchange experience. Lesson Study is a teacher's workshop focused on a common goal aimed at giving students a conscious education. «A teacher is a teacher only when he continuously improves his knowledge, and when he stops learning and searching, his teaching also destroys». K. Ushinsky.

Key words: problem, Lesson Study, dialogue training, result.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғалымдық коммуникациялық желіге шығу» – делінген.

Осыған орай бүгінгі ұстаздардың алдында оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерлерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері де тұр.

Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұлғасынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманғы лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Оқыту технологиясы мен әдістеме ғалымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады. [3]

Теория бойынша, Лессон Стади зерттеу сабағын оқушының оқуына, мұғалімнің кәсіби тәжірибесінің артуына ықпал ететін педагогикалық тәсіл, яғни оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятып, білім сапасын арттыруда тиімді тәсіл екенімен танысқаннан кейін, осы зерттеу сабағын тәжірибеге енгізсек, өзіміздегі өзекті проблеманың шешуін табады екенбіз деген ойға келдік. Шығармашылық топпен үшінші сыныптың әдебиеттік оқу сабағында байланыстыра сөйлей алмай проблемаларын анықтадық. Осы аталған проблеманы шешу барысында Lesson Study–дің зерттеу мақсатын: Сыныпты оқытуда диалог модулі арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын арттыру.

Lesson Study тәсілін жүргізілуде мына төмендегідей міндеттерге жүгіндік.

Lesson Study–дің бірінші цикліндегі зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Топтық жұмысты дұрыс ұйымдастырғанда психологиялық ахуал орнату арқылы жағымды көңіл-күй қалыптастыру;
2. Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасын жақсарту;
3. ЖИГСО–1, топпен жұмыс арқылы пәнге қызығушылығын арттыру.

Lesson Study–дің екінші цикліндегі зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Топ басшылардың көшбасшылық қызметін қалыптастыру ;
2. Ролдік тапсырмалар және әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар арқылы оқушы қызығушылығын арттыру;
3. Әр түрлі деңгейдегі сұрақтарды қоя білуіне бағыттап отырып, оқушы ынтасын арттыру және оқуда бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруда нәтижеге жету.

Lesson Study зерттеу сабағын ұйымдастырудың жоспарын жоспарладық. Жоспарды құруды шығармашылық топ мүшелеріндегі тәжірибелі әріптестермен ақылдасып, жасадық. Сындарлы оқыту теориясы – оқыту теорияларының ішінде өмірлік маңызы бар, алған білімді өмірде қолдануға тәрбиелейтін теория. Мектебімізде осы мұғалімдермен қатар осы бағдарламаның идеясына қызығушылық танытқан мұғалімдерден «Өзгеріс тобы» деп аталатын топ құрылды. Осы топ мүшелерінің ықпалымен мектеп тәжірибесіне біраз өзгерістер енгізе бастадық.

«Ойлау оңай, әрекет қиын, ал ойды әрекетке айналдырған қиынның қиыны» – деп, неміс халқының ақын-жазушысы Иоганн Гете айтқандай, зерттеу сабағын тәжірибеге енгізу барысында, біраз қиындықтарда болды. Бірақ «қиын болды» деп ісімізді аяқсыз қалдырмадық. Қиындық туғызған проблеманы бірлесе, ақылдаса отырып шешуге тырыстық. Соның нәтижесінде өткізген зерттеу сабақтарымыз біршама нәтиже берді. Осы зерттеу сабақтарында алған тәжірибемізбен бөлісу мақсатында ұйымдастырылған семинар-сабағымыздың тақырыбы: «Лессон Стади – біздің мектебіміз–де». Мақсаты: Зерттеу сабақтары бойынша іс–тәжірибемен бөлісу. Бұл зерттеу сабағын ұйымдас–тыруда Лессон Стади зерттеу сабағы бойынша нұсқаулықты және А.Әлімовтың «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану» атты оқу құралын басшылыққа алдық. Оқу жылының аяғында педагогикалық кеңесте әріптестерімізбен бөлісіп, ортаға салып, зерттеу сабағының тиімді жақтарын сараладық. Әдебиеттік оқу сабағынан сабақты зерттеу Lesson Stadu тәсілін өткізуге бел байладық. Зерттеу жүргізу үшін үш мұғалімнен құрылған топ тәжірибені жақсарту мақсатында бірлесе жұмыс істеуге тартылды. Олар бастауыш сынып мұғалімдері болды. Екі мұғалім жоғары санатты тәжірибесі мол мұғалімдер, 1–еуі бірінші санатты және 1–еуі санатсыз мұғалім. Бастауыш сынып мұғалімдерін жалпы Lesson Study нұсқаулықтарымен таныстырып өттік. Алдағы уақытта әзірленетін міндеттерге жауап беретін оқыту әдістемесін бірлесіп анықтадық, яғни 3 мұғалім бақылаушы, бір мұғалім сабақ өткізетін болып шештік. – Проблеманы шешу үшін «Оқушылардың байланыстыра сөйлеу дағдысын қалай қалыптастыруға болады?», «Ол үшін қалай жұмыс жасаймыз?», «Қандай әдіс–тәсілді қолданамыз?» – деген сұрақтар айналасында талқылау жасалынды. Осы талқылаудағы ұсыныстарды және оқушы үнін ескере отырып, №1 зерттеу сабағының жоспарын жасап келді. Әріптесіміздің дәстүрлі сабағын бақылағаннан кейін, шығармашылық топ Lesson Study–ді бірлесіп ақылдаса отырып, жоспарладық, сабақты өткізу барысында зерттелетін үш деңгейдегі оқушыны мақсатқа сәйкес күтілетін нәтиже жайлы болжам жасалынды. Сыныптан пәнге деген қызығушылықтарын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Алынған сауалнама нәтижесі бойынша А деңгейдегі оқушы берілген 7 сұрақтың 7 іе деп жауап берді. В деңгейдегі оқушы 5–еуіне іе, 2 сұраққа жоқ деп жауап жазыпты. С деңгейдегі оқушы 3 сұраққа іе, 4 жоқ деп жауап жазыпты. Ол жерде А деңгейдегі оқушының пәнге деген қызығушылығы өте жоғары екенін, ойын ашық жеткізе алатынын жаңашылдыққа жаны құмарлығы анықталды. В деңгейдегі оқушы өз бетімен жұмыс істеу ұнайтыны, мақтауды жақсы көретіні, марапат бұл оқушыға маңызды екені анықталды. С деңгейдегі оқушыға топтық жұмыс ұнайтыны, бұл оқушыға жаңа ақпаратты қабылдау қиын екені анықталды. Осы сауалнаманың қорытындысы бойынша біз А деңгейдегі оқушыға жоғары дәрежелі сұрақтар қажет, ал В деңгейдегі оқушыға мақтау–мадақтау және мотивациясын жоғарлату арқылы оның пәнге деген қызығушылығын арттыруда, рольдік тапсырмалар беру, С деңгейдегі оқушыны В деңгейіне жеткізу үшін жеңіл тапсырмадан бастап, біртіндеп өз мүмкіндігіне қарай тапсырманы күрделендіру, мотивациясын жоғарлату және топта өзін сенімді ұстай білуге дағдыландыру жолдары қарастырылды. Сонымен қатар, аралық бақылау нәтижесін оқушылардың пікірінен де байқауға болады, яғни өзгертілген сабаққа дейін мен өзгертілген сабақтан кейінгі көзқарастарын салыстыратын болсақ, біршама айырмашылықтар бар. Осы көзқарасты төмендегі кестеден көруге болады. [кесте1]

Сабақ барысында үш оқушы назарға алынды. Әріптес оқушылардың белсенділігін арттыруда топтық жұмыс арқылы көптеген мақсаттарға жетуге болатыны, топқа бөлу, топ мүшелеріне бөлу, топ ережелерін құру арқылы қызықты тапсырмалар қолдану барысында сабақты қызықты және тиімді өткізуге болатынына тоқталдық. Фокус топпен, сабақ беруші әріптеспен бірлесе сабақты жоспарлай, бағыт–бағдар бере отырып, тізбектелген төрт сабақтардың топтамасын құрдық. Келесі сабақтарына тәлім алушымен бірлесе отырып, сабақтағы орындалатын тапсырмаларды негізге ала отырып, сабақ мақсаты нәтижеге жететіндей табыс қадамдарын құрдық. Келесі сабақтарында берілген ұсыныстар бойынша сабақтарына өзгерістер енгізе отырып өткізді. Өткізілген сабақтар қызықты,

жаңашыл түрде өтті. Мысалы:Ы.Алтынсаринның «Баланың айласы»тақырыбындағы өткізген үшінші сабағы. Бұл сабақ ақпараттық технологиялардың көмегімен Wordwall программасымен құрылып, сабақ мазмұнды өтті. Қызықты өткендігін оқушылардан алған сауалнамадан білдік. Әріптесіміз әр сабақта ұйымдастыру кезеңінде сыныпты топтарға бөліп орналастырды. Топпен отыру мұғалімге қандай нәтиже берді? Топпен отырып жұмыс жасағанда оқушылар бір–бірін түсіндіруге, бірінің қателігін бірі түзетуге, енжарлық жойылып оқу әрекетінің белсенділігі артқанын байқадық. Әріптесім әр топтың бақылаушысын, қадағалаушысын тағайындап алғаннан кейін алдарына бағалау парақтарын таратып, табыс критерийлерін енгізді. Өзгеріс енгізілген сабақтарынан әріптесім: «Сабақта үй тапсыр–масын тексеру барысында «Аялдама», «Таза тақта», «Самолет», стратегияларын пайдалану мен үшін тиімді болды. Себебі осыұсынған стратегиялар қолдану барысында оқушыларымның белсенділігінің артқанын байқадым деп ой бөлісті. Сабақ соңында сабақ беруші мұғалімге бақылаудағы үш оқушыдан интервью алып отыру тапсырылды.Интервью алу парақтарына өздерінің сабаққадеген көзқарастарын білдірді.Осы интервью беру парақтарының жауаптарына қарап А, В, С, деңгейлі оқушыларға топтық жұмыстың ұнағанын байқадық. Сабақта үш деңгейдегі оқушыларды бақылай отырып байқағанымыз: тілін, ойын дамыту мақсатында диалогтік оқыту модулі арқылы нәтижеге жетудіңмаңызды екеніне көз жеткіздік. Яғни, А деңгейдегіоқушының бәсекеге қабілетті көшбасшылық дағдысы артқанын, В деңгейлі оқушының сөйлеу дағдысы артқанын, С деңгейліоқушыда құлшыныс барын байқадық. Оқушымен өткізген сұхбаттан соң байқағанымыз, оқушылардың сабаққа деген ынтасы арта отырып, нәтижеге жетуде алға ұмтылыстары оянғандығын анықтай алдық.Lesson Study тәсілін жүргізу барысында сабақта мынадай кедергілер мен кемшіліктер кездесті:

1. Оқушылар еңбектерін қорғауға қысылатыны.

2. Сабақта оқушыларды топқа бөлінгенде оқушылардың топқа бөлінуге қалыптаспағаны уақыт үнемдеуге кедергілерін келтірді

3. Кейбір оқушылар топтастыру кезінде бірге отырғысы келмейтіні.

Осы аталған кемшіліктер мен кедергілерді қалайжәне не арқылыжоюға болады? :

– Топтағы оқушыларға тапсырманы қорғауды бөліп алуды ұйымдастыру,топтық жұмысты оқушылар қызығатындай ұйымдастырып, жаттықтыру.

– Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату ақылы

– Сабақта сұрақты деңгейлеп қою,әңгіме құр, кері байланыс жасау әдістерін көбірек қолдану

– Рөлдік ойындар арқылы, постер жасату іс–әрекеттерді енгізу арқылы

– Сабаққа оқыту үшін бағалауды көбірек енгізу арқылы

–Топқа бөлудіңқызықты тәсілдерін қолдану арқылы

– Сабақта берілетін тапсырмалар топтың барлық мүшелеріне қызықты болуы керек деп ұйғардық. [кесте 2]

«Сабақты зерделеу» бойынша топ мүшелерімен бақылау барысында, сабақта оқушылардың іс–әрекетерінің сәтті шыққан тұстарын саралайтын болсақ, оқушылардың тапсырманы орындау–ғадеген қызығушылықтары артты, жаңа тақырыптыпысықтаубарысында оқушылар тиімді пайдаланып, бірлесе отырып тақырыпты қорғады. Топтық талқылауда оқушылар берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, бір ұйғарымға келе отырып, тақырыпты бірге ашып, сол жұмысты қорғау барысында және өзге топтың талқылауына қатыса отырып зерделеді. Яғни, тақырыпты жан–жақты қарастыруға мүмкіндік алды және мұны меншектелмей, өзге топтың жұмысымен салыстыра отырып, бағалау барысында түйінді ойға келеалды. Мұнда оқушылардың сенімді қарым– қатынасы қалыптаса отырып, «жақын арадағы даму аймағында» когнитивті дамыды. Топтық жұмыста түрлі пікірлерді және сол пікірлерге қарама–қарсы пікірлерді тыңдай отырып, оқушы өзіндік бағалау нәтижесінде бір тұжырымға келді. Демек, оқушы сыни тұрғыдан ойлауға қалыптасқандығын байқауға болады. Сондай–ақ, оқушы берілген жұмысты талқылау барысында білімді 50% игерсе, өзге серіктесіне түсіндіруде немесе жұмысты қорғауда 90% игереді. Топтық жұмыстың тағыда бір тиімділігі білімді сан қырынан қарастыра отырып, игеруде. Бұрын дәстүрлі оқытуда оқушыға білім беріліп, ол білім аз уақытта ұмытылып немесе өмірлі кіс–тәжірибеде қолданылусыз қалатын. Себебі, балаға берілген білім қайта қозғаусыз, жаттанды күйде есте сақталатын. Сындарлы оқытуда оқушы білімді алып, оны қайта ойлегінен өткізе отырып, бір тұжырымға келіп, өз пікірін ортаға салады. Сонымен қатар, өзгелердің ой–пікірлерімен салыстырып, қайта қорытынды жасай алады.

Сабақта үш деңгейдегі оқушыларды бақылай отырып байқағанымыз, тілін, байланыстыра сөйлеуін дамыту мақсатында әңгімелесудің маңызды екеніне көз жеткіздік. Яғни, А деңгейдегі оқушының бәсекеге қабілетті көшбасшылық дағдысы артқанын, В деңгейлі оқушының сөйлеу дағдысы артқанын, С деңгейлі оқушыда құлшыныс барын байқадық.

Қорыта келе,сабақ барысында оқушылар өздерінің атқарған жұмыстарына өзарапікір айта бастады. Әрқайсысы бір–біріне мұқият бағалау жүргізді, сұрақ қойды. Дәл осындай сабақтар жүзеге асып жатса оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдері оянып, білімге құштарлығы артып, сыни тұрғыдан ойлауына көпқыпал жасайтынына көзіміз жетті.

«Әр бала – жұлдыз» – демекші әр оқушыға өз деңгейінде білім қалыптастыру үшін бір циклмен шектелмей, келесі циклдарды ұйымдастыру қажеттігін түсіндік.

Сонымен, L. S. зерттеу сабағының тиімділігі:

- Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады.
- Ұжымдық мәдениетті қалыптастырады.
- Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады.
- Бағдарламаны, ғылыми тұжырымдамаларды терең түсінуге көмектеседі.
- Мұғалімдер кәсіби педагогикалық білімін дамытады.
- Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады.
- Мұғалімдер білімнің ғылыми мағынасына түсінеді және зерттеушілерге айналады.
- Оқушының оқуы жақсарады.
- Функционалдық сауаттылығы дамиды.
- Қоғамға қажетті тұлға болып қалыптасады

Біздің бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарын бірігіп құру, сабақты бірігіп зерттеу, проблемаларды бірігіп шешу деген болмаған еді. Лессон Стади мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екеніне көз жеткіздік. Оқушы сабақты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістікке жетуге болатынын түсіндік. Лессон Стади оқушыға саналы білім беруді көздеген, бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы деп айтсақ, артық айтпаған болар едік.

Аралық бақылау нәтижесі «Кесте 1»

| | Өзгертілген сабаққа дейін | | Өзгертілген сабақтан кейін | |
|---|---------------------------|-------|----------------------------|-------|
| | «Иә» | «Жоқ» | «Иә» | «Жоқ» |
| Сұрақтар тізімі | | | | |
| Сен оқу процесіне барлықынта–жігеріңізді саласыз ба? | 15 | 10 | 17 | 8 |
| Сенің әдебиеттік оқуға деген қызығушылығың қандай? | 16 | 9 | 22 | 3 |
| Саған өз бетімен жұмыс істеген ұнай ма? | 10 | 15 | 21 | 4 |
| Саған топтық жұмыс ұнай ма? | 12 | 13 | 19 | 6 |
| Сен үшін оқу қиын ба? | 9 | 16 | 5 | 20 |
| Сен берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарайсың ба? | 10 | 15 | 18 | 7 |
| Сен ойыңды еркін жеткізе аласың ба? | 8 | 17 | 17 | 8 |

Оқушылардан интервью алу парағы «Кесте 2»

| Сұрақтар | А деңгейлі оқушы | В деңгейлі оқушы | С деңгейлі оқушы |
|---|--|--|--|
| Сізге сабақ ұнады ма? | ұнады | ұнады | ұнады |
| Сабақтың қандай тұстары ұнады? | Топта бір–бірімізге тақырыпты түсіндіргеніміз, сұрақтар құрастырғанымыз ұнады | Постерді қорғау ұнады | Рөлдік ойындар ұнады |
| Сабақта қандай әрекеттерге қатыстыңыз? | Постерді қорғауға, топтарды бағалауға қатысып отырдым | Күрделі сұрақтарға жауап беруге талпындым | Өзімнің қолымнан келетін жеке жұмыстарды орындауға |
| Топтық жұмыста бір–бірлеріңді бағалау саған ұнады ма? Неліктен? | Ұнады, себебі топтарды, бір–бірімізді шынайы бағаладық және әркім өзінің жіберген қателігін түсінді, келесіде қайталамауға тырысты | Ұнады, өйткені біз әр тапсырманы орындау барысында бір–бірімізбен жарыса оқыдық. | Ұнады, себебі мен өз жіберген қателігімді түсіндім, үйде неге көбірек дайындалу керектігін түсіндім. |
| Топтық жұмыс сізге ұнады ма ? | иә | иә | иә |

Әдебиеттер тізімі:

1. Чичибу Т. Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық: ағылш. / Т. Чичибу (Жапония), Л. Ду Тоит (Оңтүстік Африка), А. Тулепбаева (Қазақста Республикасы). «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2013
2. С. Т. Мұханмеджанова, Ж. Ә. Жартынова, «Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері» Алматы, 2008
3. Lesson Study: нұсқаулық Пит Дадли. [Lesson studyдің негізгі құрамы: сабақ өткізілген соң оны талқылау]. Takahashi, A. (2005)

УДК 372.881.161.1

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО–КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ (ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ)

Тургаева Гультара Бағитжановна
учитель русского языка и литературы
КГУ «Общеобразовательная школа №2»
Отдела образования акимата Костанайского района
Управления образования Костанайской области
г. Тобыл, Казахстан
E-mail: turgaewa@mail.ru

Аннотация

В статье описывается опыт применения ИКТ на уроках русского языка и литературы с целью повышения мотивации к обучению, эффективности учебного процесса, развития обучающихся. Владение и использование ИКТ – необходимость времени, связанная с умением работать с информацией различными способами.

Ключевые слова: информационно–коммуникационные технологии (ИКТ), учебный процесс, проектная деятельность, работа с информацией.

Андатпа

Мақалада оқуға деген ынтасын арттыру, оқу үдерісінің тиімділігін арттыру, оқушылардың дамуын арттыру мақсатында орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ–ны қолдану тәжірибесі сипатталған. АКТ–ны иелену және пайдалану ақпаратпен әртүрлі тәсілдермен жұмыс істеу қабілетімен байланысты уақыт қажеттілігі болып табылады.

Түйінді сөздер: ақпараттық–коммуникациялық технологиялар (АКТ), оқу процесі, жобалық–әрекет, ақпаратпен жұмыс.

Abstract

The article describes the experience of using ICT in the lessons of the Russian language and literature in order to increase motivation for learning, the effectiveness of the educational process, and the development of students. Possession and use of ICT – the need for time associated with the ability to work with information

Key words: information and communication technologies (ICT), educational process, project activities, work with information

Информационно – коммуникационные технологии нашли свое применение в образовании неслучайно: быстро изменяется мир, быстро устареваает информация, которая была актуальна еще вчера. Кроме этого, вся планета стала свидетелем и участником карантина по COVID–19, который затруднил коммуникацию, переведя все образовательные услуги в онлайн–формат. Международная организация ЮНЕСКО считает, что «ИКТ могут способствовать обеспечению доступности и справедливости образования, повышению качества обучения и преподавания и профессиональному развитию учителей. Кроме того, при наличии соответствующей политики, технологий и потенциала, ИКТ может содействовать совершенствованию управления, руководства и администрации в области образования». [1]

Современное образование уже немыслимо без применения ИКТ. Во время карантина весь образовательный процесс шел через применение таких платформ как ZOOM, Meet. Они позволяют динамичные потребности учебного процесса перенести в онлайн формат, удовлетворяя все стороны образовательного процесса: общение с учащимися и родителями– с одной стороны, предоставление доступных образовательных услуг – с другой. Во время карантина и сейчас на этих платформах проходят всевозможные курсы повышения для учителей, методические семинары, направленные на повышение профессионального уровня педагогов.

Я как учитель использую ИК технологии на своих уроках. Конечно, учебник остается инструментом и помощником учащимся, но ИКТ – это дополнительные возможности учения. Поэтому